**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары бойынша жиналысының**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын**

**ХАТТАМАСЫ № 3**

**Өткізілген күні:** 28.07.2023 жыл

**Қатысқандар:** 15 адам

**Күн тәртібі:**

1. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.**

   Жұмыс тобының жетекшісі: М.Сафаров

2. **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан «талдамалық анықтаманы» талдау**

   Жиын мүшелері

3. **Түрлі мәселелер**

**Тыңдалды:**
Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі М.Сафаров
Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.
2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес ШЖҚ Түркістан қалалық емханасы МКК-ны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 31 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету;

3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша Түркістан қаласы Қоғамдық кеңес мүшесі және қоғамдық бірлестігінің төрағасы өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті.

М.Сафаров: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға *ұсынылады,* тиісті ұсынымдар жасалады; мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады. Сонымен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

Қоғамдық ұйымдардың және әлеуметтік серіктестіктердің мамандары емханада жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын таныстырылды.

**Қаулы :**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы заңгер М.Амантуровқа жүктелсін
2. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы кадр бөлімінің меңгерушісі С.Божбанбайға жүктелсін.
3. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет емхананың сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Басшы____________________ Р.Б.Тасырбаев

Хатшы_____________________Ж.Ә.Әбдіхалық